

"Жамбыл облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентін бекіту туралы

Күшін жойған

Жамбыл облысы әкімдігінің 2013 жылғы 4 наурыздағы № 73 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 4 мамырында № 1938 болып тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 2015 жылғы 22 қазандағы № 256 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облысы әкімдігінің 22.10.2015 № 256 қаулысымен.

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Әкімшілік рәсімдер туралы" Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы Заңының 9-1 бабының 4-тармақшасына сәйкес Жамбыл облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген "Жамбыл облысы аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламенті бекітілсін.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Кәрім Насбекұлы Көкрембаевқа жүктелсін.
3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Көлік және коммуникация министрі

А. Жұмағалиев

1 сәуір 2013 жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің
2013 жылғы 4 мамырда
№ 1938 қаулысымен бекітілген

"Жамбыл облысының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет

көрсету регламенті

1. Жалпы ережелер

1. "Жамбыл облысының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет (бұдан әрі – Қызмет) Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасымен (бұдан әрі – Уәкілетті орган), халықта қызмет көрсету орталықтары (бұдан әрі – Орталық) арқылы, немесе өтініш берушіде электрондық-цифрлық қолтаңба болған жағдайда Электрондық үкіметтің: www.gov.kz" веб-порталы (бұдан әрі – Портал) арқылы көрсетіледі.

2 . Қызмет "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 30 маусымдағы № 561 қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы және мемлекеттік қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2315 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылдың 09 қазандығы № 1278 Қаулысымен бекітілген "Облыстың, респубикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу" мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі – Стандарт) негізінде көрсетіледі.

3. Электрондық мемлекеттік қызметті автоматтандыру дәрежесі: ішінара автоматтандырылған.

4. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсетудің түрі: транзакциялық.

5. Осы Регламентте пайдаланылатын ұғымдар.

1) жеке сәйкестендіру нөмірі - жеке тұлға, соның ішінде жеке кәсіпкерлік түрінде өзінің қызметін жүзеге асыратын жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

2) бизнес сәйкестендіру нөмірі - бірлескен кәсіпкерлік түрінде қызметтерді жүзеге асыратын занды тұлға (филиал және өкілдік) және жеке кәсіпкер үшін қалыптастырылатын бірегей нөмір;

3) тұтынушы - мемлекеттік электрондық қызмет көрсетілетін жеке немесе занды тұлға;

3) транзакциялық қызмет – электрондық цифрлық қолтаңбаны қолданумен өзара ақпарат алмасуды талап ететін, пайдаланушыларға электрондық ақпараттық ресурстарды беру жөніндегі қызмет;

4) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік-құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық мемлекеттік қызметтерге қолжетімділіктің бірыңғай терезесін білдіретін ақпараттық жүйе;

5) "электрондық үкіметтің" шлюзі –электрондық қызметтер көрсетуді іске асыру шенберінде "электрондық үкіметтің" ақпараттық жүйелерін

интеграциялауға арналған ақпараттық жүйе;

6) электрондық цифрлық қолтаңба - электрондық цифрлық қолтаңбаның күралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиістілігін және мазмұнның тұрақтылығын растайтын электрондық цифрлық қолтаңбалардың жиынтығы;

7) электрондық құжат – электрондық – цифрлық нысанда берілген ақпарат және электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған құжат;

8) мемлекеттік электрондық қызметтер – ақпараттық технологияларды пайдаланумен электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер;

9) ақпараттық жүйе – аппараттық-бағдарламалық кешенді қолданумен ақпаратты сақтау, өндеу, іздеу, тарату, тапсыру және беру үшін арналған жүйе;

10) "Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры – ақпаратты автоматтандырылған түрде жинауға, сақтау мен өндеуге, Қазақстан Республикасында жеке тұлғаларды бірыңғай сәйкестендіруді енгізу және мемлекеттік басқару органдары мен басқа да субъектілерге, олардың өкілдіктері шегінде және ҚР заңнамасына сәйкес жеке тұлғалар туралы өзекті өрі шынайы мәлімет ұсыну мақсатында Жеке сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімін құру үшін арналған ақпараттық жүйе;

12) "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры - ақпаратты автоматтандырылған түрде жинау, сақтау және өндеу, Қазақстан Республикасының аумағында қызметтін жүзеге асыратын занды тұлғалардың, филиалдардың, өкілдіктердің және жеке бірлескен кәсіпкерлік субъектілерінің бірыңғай ұлттық сәйкестендірілуін енгізу мақсатында бизнес-сәйкестендіру номірлерінің ұлттық тізілімін жасауға және мемлекеттік басқару органдарына және олардың өкілділігі шеңберінде өзге де субъектілерге Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес олар туралы өзекті және нақты мәліметтерді беруге арналған ақпараттық жүйесі;

13) пайдалануши – оған қажетті электрондық ақпараттық ресурстарды алу үшін ақпараттық жүйеге жүргінетін және оларды пайдаланатын субъект;

14) "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзі – электрондық қызметті жүзеге асыру шеңберінде "электрондық әкімдіктің" ақпараттық жүйелерінің кірігуі үшін арналған "электрондық үкімет" шлюзінің жүйесі;

15) құрылымдық-функционалдық бірліктер – қызмет көрсету үдерісіне қатысадын мемлекеттік органдардың, мекемелердің немесе басқа да ұйымдардың құрылымдық бөлімшелерінің тізімі, ақпараттық жүйелер;

16) Қазақстан Республикасының халықта қызмет көрсету орталықтарының ақпараттық жүйесі – халықта қызмет көрсету орталықтары арқылы, сондай-ақ, тиісті министрліктер мен ведомстволармен халықта (жеке және занды тұлғаларға) қызмет көрсету үдерісін автоматтандыруға арналған ақпараттық жүйе;

17) бірынғай нотариалдық ақпараттық жүйе - нотариалдық қызметтің автоматтандырылуы және әділет органдары мен нотариалдық палаталардың өзара әрекеттесуі үшін арналған аппаратты-бағдарламалық кешен.

2. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетушінің қызмет көрсету реті

6. "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы қызмет көрсетушінің қадамдық әрекеттері мен шешімдері (қызмет көрсету барысында функционалдық әрекеттесу диаграммасы № 1), осы Регламенттің 2 қосымшада келтірілген:

1) тұтынушы жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі және шартты белгі көмегімен "электрондық үкіметтің" веб- порталында тіркелуді жүзеге асырады ("электрондық үкіметтің" веб- порталында тіркелмеген тұтынушылар үшін жүргізіледі);

2) үдеріс 1 – қызметті алу үшін тұтынушының "электрондық үкіметтің" веб- порталында жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі мен шартты белгіні енгізу (авторизация үдерісі);

3) шарт 1 – "электрондық үкіметтің" веб- порталында жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі және шартты белгі арқылы тіркелген тұтынушы туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру;

4) үдеріс 2 – тұтынушы туралы деректерде қателіктердің болуына байланысты "электрондық үкіметтің" веб- порталымен авторизациялаудан бас тарту туралы хабарлама дайындауы;

5) үдеріс 3 – тұтынушының осы Регламентте көрсетілген қызметті тандауы, қызмет көрсетуге сұраныс нысанын экранға шыгару мен оның құрылымы мен нысанының талаптарын ескере отырып, нысанды толтыру (мәліметтерді енгізу), сұраныс нысанына Стандарттың 11 тармағында көрсетілген қажетті құжаттардың электронды түрдегі көшірмелерін тіркеу, сонымен қатар сұранысты куәландыру (қол қою) үшін электрондық цифрлық қол таңба тіркеу куәлігін тандау;

6) шарт 2 - "электрондық үкіметтің" веб- порталында электрондық цифрлық қол таңбаның тіркеу куәлігінің жарамдылық мерзімін және қайтарылған (жойылған) тіркеу куәліктерінің тізімінде бар-жоқтығын, сонымен бірге сәйкестендіру деректерінің сәйкестігін (сұраныста көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес сәйкестендіру нөмірі мен электрондық цифрлық қол таңба тіркеу куәлігінде көрсетілген жеке сәйкестендіру нөмірінің/бизнес сәйкестендіру нөмірінің арасында) тексеру;

7) үдеріс 4 – тұтынушының электрондық цифрлық қолтаңба дұрыстығының расталмауына байланысты суралып отырған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама құру;

8) үдеріс 5 – тұтынушының электрондық цифрлық қолтаңба көмегімен қызмет көрсету сұранысын куәландыру және электронды құжатты (сұранысты) қызмет көрсетуші өндеу үшін "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзі автоматтандырылған жұмыс орнына жіберу;

9) үдеріс 6 – электрондық құжатты "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнында тіркеу;

10) шарт 3 – қызмет көрсетушінің Стандартта көрсетілген құжаттарға, тұтынушы тіркеген құжаттардың және қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеру;

11) үдеріс 7 - тұтынушының құжаттарында қателіктердің болуына байланысты сұралып отырған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама құру;

12) үдеріс 8 - тұтынушының "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзі автоматтандырылған жұмыс орнында қалыптастырылған қызмет нәтижесін (электронды құжат нысанындағы хабарлама) алуы. Электрондық құжат қызмет көрсетушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасын қолдану арқылы қалыптастырылады.

7. Қызмет көрсетушінің Орталықтар арқылы жүргізілетін қадамдық әрекеттері мен шешімдері (қызмет көрсету барысында функционалдық әрекеттесу диаграммасы № 2), осы Регламентке 2 қосымшада келтірілген:

1) үдеріс 1 – қызмет көрсету үшін Орталық операторының халыққа қызмет көрсету орталықтары ақпараттық жүйе автоматтандырылған жұмыс орнында құпия сөз мен шартты белгіні енгізу (авторизация үдерісі);

2) үдеріс 2 – Орталық операторының, осы Регламентте көрсетілген қызметті таңдауы, қызмет көрсетуге сұраныс нысанын экранға шығару мен тұтынушы туралы мәліметтерді енгізу, сонымен қатар тұтынушының сенімхат бойынша өкілінің деректерін енгізу (тек нотариалды - куәландырылған сенімхат бойынша, сенімхатты басқа түрде куәландыру жағдайында – сенімхат туралы мәліметтер толтырылмайды);

3) үдеріс 3 – "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы "Жеке тұлғалар" немесе "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларына тұтынушының деректері туралы, сондай-ақ, тұтынушының сенімхат бойынша өкілінің деректері туралы – бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйеге сұраныс жіберу;

4) шарт 1 – "Жеке тұлғалар" немесе "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларында тұтынушы туралы деректердің, бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйеде сенімхат туралы деректердің болуын тексеру;

5) үдеріс 4 – "Жеке тұлғалар" немесе "Занды тұлғалар" мемлекеттік дерекқорларында тұтынушы туралы деректердің, және бірыңғай нотариалдық

ақпараттық жүйеде сенімхат туралы деректердің болмауына байланысты мәліметтерді алу мүмкін еместігі туралы хабарлама құру;

6) үдеріс 5 – Орталық операторының сұраныс нысанын, құжаттардың қағаз нысанында болуы туралы белгіге қатысты бөлігінде толтыру және тұтынушы ұсынған құжаттарды сканерлеу, оларды сұраныс нысанына тіркеу, қызмет көрсетуге сұраныс нысанын (енгізілген деректерді) электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландыру;

7) үдеріс 6 – Орталық операторының электрондық цифрлық қолтаңбамен куәландырылған электрондық құжатты (тұтынушының сұранысын) "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына жіберу;

8) үдеріс 7 - электронды құжатты "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнында тіркеу;

9) шарт 2 – қызмет көрсетушінің Стандартта көрсетілген, тұтынушы тіркеген құжаттардың және қызмет көрсету негіздеріне сәйкестігін тексеру;

10) үдеріс 8 - тұтынушының құжаттарында қателіктердің болуына байланысты сұралып отырған қызметті көрсетуден бас тарту туралы хабарлама құру;

11) үдеріс 9 - тұтынушының Орталық операторы арқылы "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнында қалыптастырылған қызмет нәтижесін (электрондық құжат нысанындағы хабарлама) алуы.

8. Электрондық мемлекеттік қызмет алуға өтініштің экрандық үлгісі осы Регламенттің 4 қосымшасында көрсетілген.

Сұратуды толтыру формасы мен қызмет жауабы "электрондық үкімет" веб-порталында www.e.gov.kz көрсетілген.

9. Тұтынушы тарапынан электронды мемлекеттік қызмет бойынша сұратудың орындалу статусын тексеру тәсілі: "электрондық үкімет" порталындағы "Қызмет алу тарихы" тарауында, сондай-ақ, уәкілетті органға жүргіну арқылы жүргізіледі.

10. Қызметті көрсету бойынша қажетті ақпарат пен кеңесті call-орталық үнсандығы бойынша (1414) алуға болады.

3. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетушінің қызмет көрсетушінің қызмет көрсету ретінің сипаттамасы

11. Қызмет көрсету үдерісіне қатысатын құрылымдық-функционалдық бірліктер:

Тұтынушы;

Қызмет көрсетуші;

Орталық операторы;
"Электрондық үкіметтің" веб-порталы;
"Электрондық үкіметтің" шлюзі;
"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзі;
"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзі автоматтандырылған жұмыс орны;
Халықта қызмет көрсету орталықтары ақпараттық жүйесінің
автоматтандырылған жұмыс орны;
"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дереккоры;
"Занды тұлғалар" мемлекеттік дереккоры;
Бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе.

12. Әрекеттердің (рәсімдер, функциялар, операциялардың) кезектілігінің мәтіндік кестелік сипаттамасы, әр әрекеттің орындалу мерзімі көрсетіле отырып, осы Регламентке 1 қосымшада келтірілген.

13. Әрекеттердің сипаттамаларына сәйкес, олардың кисынды кезектілігінің арасындағы өзара әрекеттестікті көрсететін диаграмма, осы Регламентке 2 қосымшада келтірілген.

14. Тұтынушыларға қызмет көрсету нәтижесі, осы Регламентке 3 қосымшага сәйкес, сапа және қол жетімділік көрсеткіштерімен өлшенеді.

15. Электрондық мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерінің экрандық үлгісі осы Регламенттің 4 қосымшасында көрсетілген.

16. Тұтынушыларға қызмет көрсету үдерісіне қойылатын талаптар:
1) конфиденциалдылық (ақпаратты заңсыз алушан қорғау);
2) тұтастық (ақпаратты заңсыз өзгертуден қорғау);
3) қол жетімділік (ақпарат пен ресурстарды заңсыз ұстап қалудан қорғау).

17. Қызмет көрсетудің техникалық шарттары:
1) интернетке шығу;
2) қызмет көрсетіліп жатқан тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі немесе бизнес сәйкестендіру нөмірі болуы;
3) "электрондық үкіметтің" веб- порталымен авторизациялау;
4) пайдаланушиның электрондық цифрлық қолтаңбаның болуы.

"Жамбыл облысының аумағында
таратылатын
шетелдік мерзімді баспа басылымдарын
есепке алу"
электрондық мемлекеттік қызмет көрсету
регламентіне 1-қосымша

**Кесте 1. "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы жүргізілетін
курылымдық-функционалдық бірліктерінің әрекеттерінің сипаттамасы**

Әрекеттің № (жұмыс ағымы,

1 барысының	1	2	3	4
2 Құрылымдық-функционалдық бірліктерінің атавы	Тұтынушы	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы	Тұтынушы	"Электрондық үкіметтің" веб-порталы
3 Эрекеттің атавы (ұдеріс, рәсім, операцияның) және олардың сипаттамасы	"Электрондық үкіметтің" веб-порталында жеке сәйкестендіру нөмірі/ бизнес сәйкестендіру нөмірі және құпия сөз арқылы авторизациялау	Тұтынушы мәліметінде ақаулар болса, соған байланысты қабылдамайтының жөнінде хабарлама құрылады	Қызметті таңдалады да, сұраныс мәліметі құрылады, пайдалануышының электрондық цифрлық қол таңба таңдауы бойынша	Тұтынушы мәліметінде ақаулар болса, соған байланысты қабылдамайтының жөнінде хабарлама құрылады
4 Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжаттар, ұйымдастыру-басқарушылық шешім)	Сұраныстың табысты құрылуы туралы ескертпе көрсетіледі	Сұраған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту жөнінде хабарлама құрылады	Сұранысты маршруттау	Сұраған электрондық мемлекеттік қызмет көрсетуден бастарту жөнінде хабарлама құрылады
5 Орындау мерзімі	30 секунд – 1 минут	30 секунд	1,5 минут	1,5 минут
6 Келесі әрекеттің нөмірі	2-егер тұтынушы мәліметінде бұзушылықтар болса; 3-егер авторизация табысты өтсе;	–	4 - егер тұтынушы мәліметінде бұзушылықтар болса; 5 – егер бұзушылықтар жоқ болса;	–

кестенің жалғасы:

1 әрекеттің № (жұмыс ағымы, барысының)	5	6	7	8
2 құрылымдық-функционалдық бірліктерінің атавы	Тұтынушы	"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орны	"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орны	"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орны
3 Эрекеттің атавы (ұдеріс, рәсім, операцияның) және олардың сипаттамасы	Тұтынушының электрондық цифрлық қолтаңба арқылы күәландыру (қол қою) және "электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына сұранысты жіберу	Күжатты тіркеу	Тұтынушы мәліметінде ақаулар болса, соған байланысты қабылдамайтының жөнінде хабарлама құрылады	Көрсетілген қызметтің нәтижесі тұтынушының алуды
4 Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжаттар, ұйымдастыру-басқарушылық шешім)	Сұранысты маршруттау	Арызга нөмір беру арқылы сұранысты тіркеу	Негізделген бастарту құрылады	Дайындалған күжатты көрсету

5 Орындау мерзімі	30 секунд – 1 минут	-	30 секунд - 1 минут	10 жұмыс күн
6 Келесі әрекеттің нөмірі	-	7 - егер тұтынушы мәліметінде бұзушылықтар болса; 8 –егер бұзушылықтар жоқ болса;	-	-

Кесте 2. Халыққа қызмет көрсету орталықтары арқылы жүргізілетін құрылымдық-функционалдық бірліктерінің әрекеттерінің сипаттамасы

1 Эрекеттің № (жұмыс ағымы, барысының)	1	2	3	4	5
2 Құрылымдық-функционалдық бірліктерінің атауы	Халыққа қызмет көрсету орталықтары ақпараттық жүйе автоматтандырылған жұмыс орны	Орталықтың операторы	Орталықтың операторы	"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дереккоры, бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйе	Орталықтың операторы
3 Эрекеттің атауы (ұдеріс, рәсім, операцияның) және олардың сипаттамасы	Орталық операторының логині және құпия сөзі арқылы авторизациялауды	Қызметті таңдал, сұраныс мәліметтерін құрады	"Жеке тұлғалар" немесе "Занды тұлғалар" мемлекеттік дереккорларына, бірыңғай нотариалдық ақпараттық жүйесіне сұранысты бағыттау	Тұтынушы туралы мәліметтердің жоқтығына байланысты мәлімет алу мүмкін еместігі туралы хабарлама құрылады	Сұраныс нысанын толтырып, сканерленген күжаттарды тіркеу, электрондық цифрлық қол таңбамен қуәландыру
4 Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжаттар, ұйымдастыру-басқарушылық шешім)	Арыздың өмірін иелендіру арқылы жүйеде сұранысты тіркейміз	Сұраныстың табысты құрылу туралы ескертпе көрсетіледі	Сұранысты маршуруттау	Негізделген бас тартуды құру	Сұраныстың табысты құрылуы туралы ескертпе көрсетіледі
5 Орындау мерзімі	30 секунд – 1 минут	30 секунд	1,5 минут	1,5 минут	30 секунд – 1 минут
6 Келесі әрекеттің нөмірі	2	3	4 – тұтынушының мәліметінде бұзушылықтар болса; 5–егер бұзушылықтар жоқ болса;	-	-

кестенің жалғасы:

1 Эрекеттің № (жұмыс ағымы, барысының)	6	7	8	9
--	---	---	---	---

2	күрылымдық-функционалдық бірліктерінің атавы	Орталықтың операторы	"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орны	"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орны	"Электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орны
3	Әрекеттің атавы (ұдеріс, рәсім, операцияның) және олардың сипаттамасы	Электрондық цифрлық қол таңбамен куәландырылған (кол қойылған) құжатты электрондық үкіметтің" аймақтық шлюзінің автоматтандырылған жұмыс орнына бағыттаймыз	("Кұжатты тіркеу	Тұтынушы құжаттарында бұзушылықтар болса, соған байланысты қызметтің қабылдамайтыны жөнінде хабарлама құрылады	Көрсетілген қызметтің нәтижес тұтынушының алуды
4	Аяқталу нысаны (мәліметтер, құжаттар, үйымдастыру-басқарушылық шешім)	Сұранысты маршруттау	Арыздың номірін иелендіру арқылы сұранысты тіркеу	Негізделген бас тартуды құру	Ескертпе-қызметтің нәтижесінің құрылуы
5	Орындау мерзімі	1 минут	-	30 секунд– 1 минут	10 жұмыс күн
6	Келесі әрекеттің номірі	-	8 – егер бұзушылықтар болса; 9 – егер бұзушылықтар жоқ болса;	-	-

"Жамбыл облысының аумағында

таратылатын

шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке

алу" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 2-косымша

Диаграмма № 1 "Электрондық үкіметтің" веб-порталы арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы функционалдық әрекеттесу





Диаграмма № 2 Орталықтың ақпараттық жүйе арқылы электрондық мемлекеттік қызмет көрсету барысындағы функционалдық әрекеттесу



Шартты белгілер:




Бастапқы хабар



Аяқтау хабары




Аралық хабар



Жай аяқталуы




Қателік



Ақпараттық жүйе



Үдеріс



Шарт



Басқару жолы



Хабар жолы



Соңғы тұтынушыға ұсынылған құжат

Электронды мемлекеттік қызметтерінің "сапа" және "қолжетімділік" көрсеткіштерін анықтау үшін сауалнаманың нысаны

(қызмет көрсетудің атауы)

1. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету үдерісінің сапасына және
нәтижесіне қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

2. Электрондық мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі туралы ақпараттың
сапасына қанағаттанасыз ба?

- 1) қанағаттанған жоқпын;
- 2) ішінара қанағаттанамын;
- 3) қанағаттанамын.

"Жамбыл облысының аумағында
таратылатын шетелдік мерзімді
баспа басылымдарын есепке
қызмет көрсету
регламентіне 4 қосымша

Электрондық мемлекеттік қызмет алуға өтініштің экрандық үлгісі



Кұжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного
правительства

Бірегей немір
Уникальный номер

Жіберілген күні
Дата подачи

(өтінішті тіркейтін мекеменің атау
және мекен-жайы)

Жамбыл облысының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа
басылымдарын есепке алу электрондық мемлекеттік қызметтің

регламентіне Өтініш

Қазақстан Республикасында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы анықтама беруінізді сұраймын.

Таратушының мәліметі:

(жеке кәсіпкердін атауы/занды тұлғаның ұйымдастыру-құқықтық формасын көрсету)

(жеке сәйкестендіру нөмір/бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(тіркелетін жері, мекен жайы, байланыс телефоны, электрондық почтасы)

№ п/ п	"Облыстардың аumaғында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының атауы	Шетелдік БАҚ-ды тарату аймагы	Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының тілі	Шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тақырыптық бағыты	Мерзім	Радионың және телеарнаның көлемі
1.						
2.						

Қосымша: 1. _____ (жеке кәсіпкер болған жағдайда)

Бірінші басшы/жеке кәсіпкер _____ (аты-жөні, тегі)

Соңындағы «Электрондық қаржы жөнне электрондық цифровық колемдерге тұрақты» 2003 жылдың 7 қартаудың № 370-ІІ ҚРД 7-бебеңде 1-тәржімінде
сөзбес жөннө тасымалтудың қаржы төз.

Даннай документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года «Об электронном документе и электронной цифровой подписи»

разделоччен документу на бумажном носителе.



Штрих-код «Электронных охамда» изображает жүктөш үшіннен жөн электрондық цифровық колемдерге төзімдіктерінің көмкөлік

Отдел занятости и социальных программ(АКСУ К.)

Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный ахамда» и подписаны электронно-цифровой

подписью Отдел занятости и социальных программ(Г.АКСУ)

"Жамбыл облысының аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспа басылымдарын есепке алу" электрондық мемлекеттік қызмет көрсету регламентіне 5 қосымша

Шыға беріс күжатының формасы

**"Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алу"
АНЫҚТАМАСЫ**

№ _____

(регистрациалық нөмірі)

Бұл анықтама Қазақстан Республикасының "Бұқаралық ақпарат құралдары" туралы Заңына сәйкес беріледі

(тұтынушының атауы және ұйымдастыру-құқықтық формасы форма) және облыс аумағында таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алынғандығы растайды 20 ____ жылдың " ____ "

№ п/ п	"Облыстардың аumaғында таратылатын шетелдік бұқаралық акпарат құралдарының атауы	Шетелдік бұқаралық акпарат құралдарының тарату аймағы	Шетелдік бұқаралық акпарат құралдарының тілі	Шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тақырыптық бағыты	Мерзімі	Радионың және телеарнаның көлемі
1.						
2.						

Берілген анықтама жарамды " ____ " 20 ____ жыл

Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының бастығы аты-жөні, тегі

Осы құжат «Электрондық құжат жөнне электрондық цифровық колтактың тұрғызы» 2003 жылдың 7 наурызының № 370-II ҚРЗ 7-баптың 1-термегінде
сайкес келген тасымалтудың құжаты тен.
Документ созласқан пункту 1 статья 7 ЗРК от 7 января 2003 года («Об электронном документе и электронной цифровой подписью»)
разъясненин документту на бұл мәселенің жағдайларынде.



Штрих-код «Электрондық құжаттың қолтактың үшінші узменінше электрондық-цифровық колтактың қолданының директорі қызметінде
Оддел зақыноти және социальных программ(АКСУ К.)
Штрих-код содержит данные, предоставленные информационной системой «Электронный қызмет» и подписанные электронно-цифровой
подписью Оддел зақыноти және социальных программ(ГАКСУ)

Шығыс құжатының формасы (бас тарту)

Облыс аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын есепке алудан Бас тарту

- 1) Көзделген қажетті құжаттар ұсынылмауы;
- 2) Құжаттарда толық емес немесе алып қашты ақпараттар көрсетілген;
- 3) Таратушының қазіргі жұмысын жүргізуге тыйым салынғандығы жөнінде сottың шешімі бар;
- 4) Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдары өнімдерін Қазақстан Республикасы аумағында таратуға тыйым салынған сottың шешімі бар.

Осыған орай таратылатын шетелдік мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алуға:

№ п/ п	"Облыстардың аумағында таратылатын шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының атауы	Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарын тарату аймағы	Шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарының тілі	Шетелдің бұқаралық ақпарат құралдарының негізгі тақырыптық бағыты	Мерзімі	Радионың және телеарнаның көлемі
1.						
2.						

ықтимал көрсете алмаймыз.

Жамбыл облысы әкімдігінің ішкі саясат басқармасының бастығы аты-жөні, тегі

eGov Құжат электрондық үкімет жүйесінде құралған
Документ сформирован системой электронного
правительства

Бірегей нөмір
Уникальный номер
Жіберілген күні
Дата подачи
01.11.2010

Исполнитель: ГУ «Округ занятости и социальных программ»
Подпись исполнителя: Абай Ахметов
Фамилия: Абай
Имя: Ахметов
Отчество: 243343
Адрес: г. Алматы, улица Абая, 1
Телефон:

Заявление
Принимаю мое заявление о статусе инвалидного (СИ) за период с 01.11.2010 года по 30.11.2010 года.

К заявлению прилагаются документы:
1. Справка о инвалидности отечественным за последние 12 месяцев

Срок хранения: 10 лет

Приложение к заявлению о статусе инвалидного (СИ) за период с 01.11.2010 года по 30.11.2010 года.

Документы, поданные в органы социальной защиты населения, являются официальными и имеют юридическую силу. Они являются основанием для выдачи соответствующих документов и предоставления социальных услуг.

Срок хранения: 10 лет

Справка о состоянии здоровья и способности к труду, поданная в органы социальной защиты населения, является официальным документом и имеет юридическую силу. Она является основанием для выдачи соответствующих документов и предоставления социальных услуг.

Срок хранения: 10 лет

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК